

"Кеден қызметінің ақпараттық жүйелер орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 14 сәуір N 576

Кеден органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, кеден құжаттарының электронды көшірмелерін өңдеу мен беруді, оларды есепке алуды, сондай-ақ кеден органдарының сыртқы экономикалық қызметтің статистикасын толық және тұтас қалыптастыруын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Оның негізгі мақсаты - кеден декларацияларының электронды көшірмелерін ғылыми-талдамалық өңдеу деп белгілей отырып, шаруашылық жүргізу құқығымен "Кеден қызметінің ақпараттық жүйелер орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын және оның жарғысы бекітілсін.

2. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығының субъектісі функцияларын жүзеге асыратын орган болып Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Уәкілетті орган) белгіленсін.

3. Уәкілетті орган осы қаулының 1-тармағы негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Кәсіпорынның құрылтайшылық құжаттарын тіркеу кезінде оның қызметінің аясын белгілесін.

4. Уәкілетті орган бір айлық мерзімде заңда белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес құпия және өзге де ақпаратты алудың, өңдеудің, сақтаудың және берудің тәртібін бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Уәкілетті орган және Кәсіпорын Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап бір апталық мерзімде жасалған шарттарға сәйкес жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етулер және кеден органдарын ақпараттандыру жобасы бойынша есептеулерді беру туралы "Акцепт "корпорациясы" жабық акционерлік қоғамымен заңнамада белгіленген тәртіппен шарттар жасассын.

6. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі заңда белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның қызметтеріне бағаларды келіссін.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК